



Ғылыми мақала  
ХҒТАР 02.71



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-296-309>

## Зиярат феноменінің психо-элеуметтік көріністері

Фэриде Камалова<sup>а</sup>, Нағима Байтенова<sup>б</sup>, Джамилия Досмагамбетова<sup>б</sup>,  
Айша Шалдарбекова<sup>с</sup>

<sup>а</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

<sup>б</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>с</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

✉ [feride.kamalova@ayu.edu.kz](mailto:feride.kamalova@ayu.edu.kz)

**Аңдатпа.** Мақала дін философиясы тұрғысынан әлемдік деңгейде және қазақ қоғамында өзекті болып отырған зиярат құбылысының психологиялық және элеуметтік мәнін көрсетуге арналған. Зерттеу барысында зияратшылардың жасаған дұға-тілектері, рәсімдері мен діни білім деңгейлеріне талдау жасалады. Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы киелі жерлердегі зиярат дәстүрлері мен тәжірибелері туралы эмпирикалық деректерді талдау арқылы зияраттың киелі орындардың дін психологиясы мен философиясы тұрғысынан өзара ықпалын зерттеу, зияратшылардың сезімдерін, ойлары мен үміттерін анықтау. Зерттеу әдіснамасы ретінде дінтанулық, феноменологиялық, психо-элеуметтік әдістерді қолдана отырып салыстырмалы-сипаттамалық талдаулар жасалады. Алынған нәтижелер киелі жерлерге зиярат ету дәстүрінің психоэлеуметтік мәнінің философиясын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, жұмыс ғылыми-практикалық тұрғыдан маңызды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі ретінде зияратшылардың үш принципте зиярат жасайтындығы айқындалды, ол ата-бабасының әруағына құрмет көрсетіп, Құран бағыштау арқылы зиярат жасаса, келесі бір түрі сол бір киелі орыннан тылсым күш, мистикалық құндылықты көріп-сезіну үшін жасалатын эзотерикалық зиярат және тағы бір түрі, киелі орындарды эрофаниялық кеңістік, эротопиялық мекен ретінде қабылдап, сол орынның қасиеттілігін сезініп, физикалық және рухани тазалану үшін жасайтын сакралды зиярат.

**Түйін сөздер:** дін философиясы; эрофания; кесене; мазар; зиярат феномені; сакралды зиярат; эзотерикалық зиярат; қажылық туризм; киелі жер.

**For citation:** Kamalova F.B., Baitenova N.Zh, Dosmagambetova J., Shaldarbekova A. Psychosocial aspects of the pilgrimage phenomenon. Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. №4(149). 296-309. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-296-309>

**Для цитирования:** Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Досмагамбетова Д., Шалдарбекова А. Психосоциальные аспекты феномена паломничества. Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2024. №4(149). 296-309. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-296-309>

## Кіріспе

Бүгінгі күнде дүние жүзінің кез келген жерінде кесене-мазарлар мен соған ұқсас жерлерге бару үрдіске айналуда. Бұл осы контексте көптеген зерттеулердің жүргізілуіне әсер етті. Киелі орындар зиярат мекені ретінде есте қалғанымен, олар қорқытатын, тыйым салатын және қадір тұтатын қасиеттерімен де танымал. Осы белгілері бойынша олар әртүрлі әлеуметтік топтарды біріктіреді. Бұл орындарда киеліліктің белгілері болғандықтан, олардың айналасында құрбандық шалу, дұға оқу, тілек тілеу, емдік-шипалық т.б. қызметтер атқарылады. Осыған ұқсас сипаттар мен рәсімдер көне түркілерде шамандардың төңірегінде шоғырланса, бүгінде кесене-мазарлардағы киелі адамдарға назар аудартады.

Кез келген зерттеу үшін «адамды, белгілі бір топты немесе бүкіл қоғамды физикалық немесе психикалық тұрғыда алаңдататын және шешімсіздік пен бірнеше шешімнің мүмкіндігі бар кез келген жағдай проблема болып табылады» (İbrahim Arslanoğlu, 2016: 80). Бұл жағдай жеке адамды зерттеуге мәжбүрлейді, осы тұста зияратшылардың зиярат жасау барысындағы физикалық және психикалық күйін зерттеу бүгінде өзекті мәселелердің бірі.

Адамдар әртүрлі факторларға байланысты кесене-мазарларды зиярат етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында киелі орындарға бару кезіндегі кейбір мінез-құлықтардың ақыл мен қисынға сәйкес келмейтіні жиі айтылады. Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың дамуымен алынған мүмкіндіктер бұрынғы заманмен салыстыруға келмейтіндей жетілдірілді. Тіпті осындай жағдайларда да адамдар кесене-мазарларды зиярат етеді және осы сапарлар кезінде орын алатын кейбір мінез-құлықтар бұрынғы сипаттарды сақтайды. Егер бұлай болса, адамдарды киелі орындарға баруға итермелейтін қандай факторлар бар және киелі орындарға бару жеке адамдарға қандай психологиялық әсер етеді?

Қазақстанда жиі баратын киелі орындарды зерттеу ол жерлердің құндылығымен бірдей маңызды. Өйткені бұл орындар ғасырлар бойы тіршілігін жалғастырып, жұртшылық арасындағы маңызды орнын сақтап қалды. Олар түркі дәуірінен бастап, Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір заманын, ең соңында кеңестік кезеңнің куәсі болып, бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жерлер. Жұртшылық арасындағы ортақ нанымдар осы жерлермен тығыз байланысты. Осы зерттеудің маңыздылығы мен құндылығы халықтың өткені мен бүгінін үндестіруде. Жалпы, осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулерде кесенелердің тарихы, олар туралы аңыздар немесе олардың құрылысы, т.б. сияқты тақырыптарға тоқталды. Қоғаммен байланыс арқылы жүргізілетін жан-жақты және терең зерттеулер сирек кездеседі.

Мақалада талқыланатын мәселені қысқаша кіріспе бөлімінде баяндай отырып, кесене-мазарларға қатысты бұрын жүргізілген зерттеулер мен бақылауларымызға негізделген ғылыми нәтижелер төменде келтіріледі:

- әйелдер ерлерге қарағанда киелі орындарға жиі барады;
- кесене-мазарларға зиярат етуге жастардан гөрі үлкендер көбірек қызығады;
- ерлі-зайыптылар бойдақтарға қарағанда киелі орындарға жиі барады;

– әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен адамдар киелі орындарға жиі барады және т.с.с.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Адамдарға кейбір психологиялық жағдайларда киелілікті қажет етеді. Кесене-мазарлар киелілік шоғырланған орындар болып саналады. Бұл жерлерде жасалған дұғалар тезірек қабыл болады деген сенім бар. Кейбіреулер мазардағы адамның қасиеттілігін алға тартып, оны өздеріне делдал етіп алады. Зерттеу жұмысы осы мінез-құлықтардың табиғатын және киелі орын – адам, адам – киелі орын арасындағы «байланысты» зерттеуге бағытталған.

Бұл зерттеудің Қазақстандағы зиярат феноменіне қатысты болуының себебі, Қазақстанда бүгінгі күнге дейін мұндай зерттеулер аз жүргізілген. Қазақстан бойынша жалпы кесене-мазарларға, киелі орындарға қатысты зерттеулер болғанымен, олар тек кесене-мазардың архитектуралық құрлысының салыну уақыты мен тарихи-мәдени кеңістігіне тоқталумен шектеледі. Бұл зерттеу кесене-мазарлардың тарихи, мәдени, археологиялық, этнографиялық шеңберіне ғана емес, сонымен қатар олардың психо-әлеуметтік инфрақұрылымына да тоқталады. Зерттеу жұмысы Қазақстандағы халық дінінің ошағы саналатын киелі орындарды дінтанулық, діни феноменологиялық тұрғыдан сипаттай келе олардың психо-әлеуметтік мәні мен маңыздылығы қарастырылады.

Мақалада зиярат феноменіне қатысты діни-феноменологиялық және психо-әлеуметтік әдістерін қолдану арқылы талдау жасалды. Сонымен қатар, зерттеу барысында зерттеу тақырыбына сәйкес жарияланған еңбектерге салыстырмалы-сипаттамалық талдау әдістері қолданылады.

### **Талқылаулар мен нәтижелер**

#### **«Кесене» ұғымының теориялық негізі.**

Жұртшылық арасында кеңінен танымал, жалпы «кесене» атанған орындардың қашан, қай дәуірден бастап пайда болғаны жалпы белгісіз. Бірақ кесене деп аталатын әрбір орын немесе ғимарат бізге оның нақты шыққан күнін, уақытының бір бөлігін және өткен дәуірдің мәдени белгілерін хабарлайды (Osman Cilacı, 1999: 200).

Бүгінде әулие, баб, ишан, ғұлама, шейіт, шейх, аталар ретінде танылған адамдардың мазарлары жұртшылық арасында «кесене» деген атпен белгілі. Бұл орындардың адам көп баратын орындарға айналуы сол жерде жатқан адамды «Аллаһтың сүйікті құлы» деп қабылдауына байланысты. Сондықтан бұл жерлер киелі орындар болып саналады (Emre Yılmaz, 2009: 13). Бұл уақыт өткен сайын олардың құндылығын арттыруда. Уақыт өте келе, киелі деп саналатын адамдар мен орындарда ескіру және ұмыту сияқты заңдылықтар байқалады.

Әдетте кесене-мазарлар, олардың атақтары халық арасында кеңінен тарағандықтан, оларға зиярат етіп келетіндердің саны күннен күнге артып, халық арасында танымал

бола бастайды. Себебі кесене-мазарлар орналасқан орын киелі мекенге, киелі кеңістікке айналады. Осындай киелі мекендер зиярат мекеніне айналады (Ölmez ve Gökmen, 2005: 72).

Әдетте үстінде құрылымы жоқ қабірлер мазар деп аталады. Мұндай мазарларды ата-баба есімдерімен атайды. Ал кесенелер дегенде елге танымал, халыққа адал қызмет еткен тұлғаларды еске түсіруге болады.

Кесенелерді жерленген тұлғалардың өздері көзі тірісінде немесе дүниеден өткеннен соң балалары, немерелері, қолдаушылары немесе мемлекет салады. Сондықтан олар архитектурасы жағынан ерекшеленеді (Байпаков, 2012: 108).

Кейбір ғибадатханалардың құрылыстарында исламның белгілері болғанымен, олардың пайда болу күні исламға дейінгі кезеңдерден басталады. Өлгендерді исламға дейін жерлеу тәсілдері (үйдің ішінде, едендердің, қорғандардың, камералардың астында, құдық түрінде қазылған арнайы текшелер, тастан қашалған жерлер) және қабір қабырғаларында өлгендер туралы жазу дәстүрлері киелі орындардың қазіргі формасының инфрақұрылымы ретінде қарастырылуы мүмкін (Ölmez ve Gökmen, 2005: 72).

Демек, кесенелер өз алдына жай ғана зиярат емес, олар өлгендерді таныстыратын, өз заманының мәдениетін, адамдардың наным-сенімдерін тудыратын нысандарды, әртүрлі діндер мен мәдениет өкілдерін біріктіретін жинақтаушы күш ретінде де анықтауға болады.

Жалпы қазақ тіліндегі «кесене» сөзі түрікшеде «түрбе» деп аталады. Яғни, «түрбе» сөзі арабтың «тураб» немесе «терб» сөздерінен шыққан. Бұл сөздердің мағынасы күмбез түрінде жабылған мазар (Ölmez ve Gökmen, 2005: 72). «Тұраб» сөзі де «топырақ» деген мағынаны білдіреді (Ali Köse ve Ali Ayten, 2010: 14). «Түрбе» сөзі қабірлердің үстіне салынған ғимараттарды сипаттау үшін қолданылады дейді (Ünver Günay, 2003: 9).

Оның мағынасы дерлік бірдей. Бірақ басқа мағынада түркі халықтары жалпы үйлерді немесе жабық ғимараттарды кесене деп атаған. Орта ғасырда қыпшақтар – кешене; малқарлар мен қарашайлар – кешене; қырғыздар – қасана; кабардандар – чаман, ингуш, шешен халқы – каши деп атаған. Түріктер арасында кездесетін «какане» сөзі әдемі ғимараттар мен үйлерді сипаттау үшін де қолданылады.

Батыс деректерінде «түрбе» сөзі француздың «tombeou» сөзінен шыққан дейтіндер де бар (Aziz Doğanay, 1999: 102). Басқалары «Tombeau» немесе «Tomulus» сөздерінің «түрбе» сөзімен этимологиялық байланысы жоқ екенін айтады (Osman Cilacı, 1999: 244). Түркияда «зиярат орны» деген атаумен жиі қолданылса, Қазақстанда да «зиярат» немесе араб тілінде «үй» дегенді білдіретін «мазар» сөздерімен жиі айтылады.

Түйіндей келе, киелі орындар әр түрлі мәдениеттерде өз орнын алғанымен, олардың мағынасы, қолданылу жолдары, діни әсерлері ұқсас деп айта аламыз. Елдер бойынша атаулар тұрғысынан ғана айырмашылық бар.

### ***Киелі орындардың тарихи-әлеуметтік негіздері.***

Киелі орындарда орындалатын рәсімдер мен қозғалыстар тарих бойына жиналған мәдениеттердің көріністерін көрсетеді. Ғасырлар бойы әртүрлі тарихи және мәдени

оқиғалардың куәсі болған киелі орындар осы оқиғалардың кейбір белгілерін бүгінгі күнге дейін жеткізіп келеді. Киелі орындарға бару әдет-ғұрыптарында өткен дәуірдегі мәліметтер мен белгілер де бар. Осы секілді нанымдар мен мәдениеттердің көріністері ислам келгеннен соң да жойылмаған. Қазақ жеріне ислам діні VII ғасырдан бастап келді, келген күнде де жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен діліне құрметтілік таныта отырып, бейбітшілікті танытты. Осы себепті ол бар мәдениеттерге жататын әртүрлі элементтердің оның қолшатырының астына түсуіне жол берді. Осылайша, ол жаңа географияда кездескен көптеген адамдарды өз жағына сәтті тартты. Бұл табыстағы әулиелер мен сопы-дәруіштердің рөлі зор болды. Рухани күшке ие деп саналатын әулиелер байырғы халықтың сүйіспеншілігіне ие болды. Бұл махаббат сол әулиелердің қабірлерінің кесенеге айналуына алып келді. Алайда, ескі шіркеудің, монастырь мен түрлі ғибадатханалардың жанында кесененің құрылуы да оқиғаға әсер етіп, исламның тез таралуына себеп болды. Киелі орындардың айналасына әртүрлі мәдениеттер мен діндерге жататын адамдардың жиналуы кесене туралы түсініктің тереңдеуіне себеп болды. Сондай-ақ, сол әулиелердің мазарының жанына атақты хандар мен билердің жерленуі де үлкен үрдіс алды. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі құрылмағанға дейін мазарлар пантеоны Сыр өңіріндегі Оқшы атаның мазарының жаны болатын.

Ислам діні келгенге дейін де түркі халықтарының ата-бабаларының рухына тағзым етіп, құрмет көрсету, көмек сұрау сияқты сенімдері болған. Олар аспан Құдайы «Көкке, Тәңірге» табынған. Бұл сенімде ата-бабалардың рухтары адамдарды жоғарыдан бақылап, қажет кезде оларға көмектесіп отырды. Мұның бәрі исламдағы ақырет өміріне деген сеніммен бірдей болды. Бұл нанымдардың бірігуі көптеген әдет-ғұрыптардың пайда болуына әкелді, мысалы, кейінгі кезеңдерде мазарға бару, оларға жақсы күтім жасау, онда түнеу үшін арнайы ғимараттар салу, ал кейбір адамдар үнемі сол жерде қалып, айналасына қамқорлық жасау. «Ғибадатханаға бару кезінде байқалған нанымдар мен рәсімдердің тарихи және мәдени қалдықтарын артқа қарай зерттегенде, біз Орталық Азиядан әкелінген анимизмді, ата-бабаларға табынуды, өлілерге табынуды – жалпы ата-баба культін, табиғатқа табынуды (тау, ағаш, су), отқа табынуды, құрбандық шалу культін, құнарлылық пен қайта туылу культінің элементтерін, мистикалық және сиқырлы жәдігерлерді көре аламыз» (Köse ve Ayten, 2010: 18).

Ата-бабаларға табыну исламнан кейінгі ата-аналарға тағзым етумен алмастырылды. Басқа діндерге жататын жерлердің айналасында құрылған ғибадатханалар да уақыт өте келе адамдарды өз жағына тартты. Аңыздар исламға сәйкес өзгертілгенде, олар ислам дініне жататын орындар атағын алды.

Ғибадатханаға бару төңірегінде қалыптасқан ырымшыл нанымдардың инфра-құрылымын христиандықпен үйлестіруге болады. Ата-ананың мазарына барып, тілек айту христиандықта жиі кездесетін. Сондай-ақ түркілерге христиандықтың нестуризм тармағы әсер еткені айтылады. Олардың христиан дінімен қарқынды араласуы Анадолы аймақтарында болды. Христиандар мен мұсылмандар кейде бір жерге бірге баратыны белгілі (Yılmaz, 2012: 15). Сондай-ақ, шам жағу рәсімін христиан дінімен және ежелгі түркі мәдениетімен үйлестіре аламыз. Ежелгі түркілерде «үйден жерлеу рәсімі шыққанда,

өлгендердің жаны қараңғыда қалмауы керек деген сенімге байланысты қырық күн бойы жарық жағу керек деген әдет-ғұрыптар бар» (Özkan, 2009: 21) және олар күні бүгінге дейін сақталуда.

Бұл рәсімдердің көпшілігі өткен шаманизммен байланысты деп есептеледі. Мысалы, қабірлерде қалдырылған түйіндер мен бір-біріне байланған ағаш кесектері сияқты сиқырлы сипаттағы рәсімдерді келтіруге болады. Киелі орындарға қатысты нанымдар мен рәсімдердің «шаманистік» мәдениеттердің ерекшеліктерін көрсететін көптеген ұқсастықтар бар. Ең маңызды ұқсастық – шамандық сенім мен әулиелік сенімнің табиғаты бірдей дерлік (Köse ve Aytan, 2010: 19). Шамандар да болашақты болжап, ауа райына әсер етіп, жамандықтан тыйып, ауруды емдеп, ұшқан, отқа жанбаған, өлгеннен кейін адамдарға көмектескен. Осындай қасиеттерінің арқасында олар халық арасында беделді орынға ие болды (Yılmaz, 2012: 15). Сондай-ақ, әулие культінің қалыптасуына оның жатқан жеріне, одан мұраға қалдырылған дүние-мүліктеріне зиярат ету, қабірдің адамдарға пайдасы тиетініне сену, құрбандық шалу арқылы ғибадаттың орындалуы сияқты оқиғалар себеп болған (Yılmaz, 2012: 17).

Кесенеге барудың қарқынды түрде жалғасуының себептерінің тағы бірі – әулиелердің жасаған іс-әрекеті мен артынан қалдырған нақыл сөздері, шешендік сөздері, хикметтері т.с.с. Көбіне зияратшылар кесенелерге барғанда осы әулиелердің даналық сөздерін оқып немесе аңыздар арқылы тыңдап, жасаған игі амалдарын біліп, түсінгенде өздеріне рухани шабыт алатындай болады.

Киелі орындардың күнделікті өмірдегі маңыздылығына келетін болсақ, олардың негізінен мешіттер мен медреселер сияқты күнделікті жиналатын орындардың жанында салынуы да үлкен себеп болып табылады. Олардың ғибадат ғимараттарының жанында орналасуы да халық арасында киелі орындардың маңыздылығын арттырады.

Кесене құрылысы тарих бойы жалғасып келеді. Ол тек ғимараттарымен ғана шектеліп қоймай, діни сенім, дұға ету және ғибадат ету орталықтарына айналды. Енді кесенелер қарапайым жерлеу дәрежесінен шықты. Исламнан кейінгі қабірлерді құрметтеу – ерте кезеңдегі жерлеу дәстүрлерінің жалғасы. Аспан Құдайы, Ата-баба культі және осыған ұқсас нанымдар жалпы діннің өзгеруіне қарамастан архетип ретінде сақталып қалды деп айта аламыз.

Ежелгі түркілердің киелі жерлерге барып, көмек сұрау дәстүрі немесе сенімі де ежелгі эпостарға енген. Мысалы, «Манас» дастанында Якуб Хан баласы жоқ әйеліне былайша шағымданады: «Саған үйленгеніме 14 жыл болды... Бала тумадың. Қабірлер мен мазарларды зиярат етіп, киелі жерлерді домалап көрмедің, киелі бұлақтарда қалып, перзент тілемедің...» (Köse ve Aytan, 2010: 20). Бұл жолдар көне түркі дәуірінде балалы болу үшін мазарларға қалай зиярат етілгеніне мысал. Бұл бүгінгі күні де кең таралған наным.

Киелі орындарды дамыту инфрақұрылымында қоғамдық мінез-құлық үлесі маңызды болған сияқты, киелі орындардың да қала мәдениетінде өзіндік үлесі болды. Өйткені оның айналасында қалалық маңызды орталықтар – мешіттер, медреселер, жамағатханасы, балалар үйлері және т.б. ғимараттар жайғасып жатты. Жергілікті халық пен көшпенділерді жақындастыруда кесенелер де үлкен рөл атқарды (Demir,

476). Сондай-ақ, ежелгі заманда өлгеннен кейін басқа әлемге өтіп, сол жерде жаңа өмір бастайды деген нанымдар болған. Монархтар қайтыс болған кезде, олар күнделікті қолданатын заттарымен, тіпті қызметшілерімен бірге жерленген ғасырлар болды. Мұндай нанымдар уақыт өте келе пішінін өзгертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Қабірдегі адам қиын жағдайда көмектеседі деген сенім бүгінгі күнге дейін мағынасын жоғалтқан жоқ. Алайда кесенені тілек тілеу, табыну орны ретінде қарастыру исламда орынсыз екені анық. Көмек тек Алла тағаладан ғана сұралатыны анық. Исламда мазарға бару сүннеттің әрекеті ретінде қарастырылады. Сапардың басты мақсаты – өлімді еске алу. Қазіргі уақытта мазарларға бару олардың пішінін сәл өзгертті. Осыған қарамастан, мазарға байланысты қалыптасқан мәдениет халық арасында да кең таралған. Осыған ұқсас нанымдарды басқа діндерден де байқауға болады, онда өлген адамдардың орта ғасырларда шіркеулерде, ғибадатханаларда және капеллаларда жерленгені белгілі. Тағы да, ортағасырлық христиан дінінде қабір жердегі көкте бар деп есептелетін үйдің символы ретінде қабылданды.

Қазақстандағы тарихи орындар түркі дәуірінен бастау алады. Сондықтан оларды белгілі бір өлшемдерге сүйене отырып бөлу заңды. Киелі жерлерге байланысты аңыздарды пайда болу уақыты мен идеологиялық мәні жағынан былайша біріктіріп, қарастыруға болады:

– исламда киелі саналатын жерлер, олар ислам діні келгеннен кейін исламдық формаға енген, тарихи шығу тегі белгісіз киелі орындар;

– VII-X ғасырларда ислам діні алғаш келген кезеңмен байланысты әулиелер бар жерлер. Бұл жерлер Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында орналасқан. Әулие Карахан, Айша бибі, Бабажа Хатун, Исхак Баб, Абд әл-Азиз Баб, Хорасан Ата және осыған ұқсас жерлерді санауға болады. Бұл киелі жерлер түркілерге ислам дінін алғаш әкелген тарихи тұлғалардың есімімен тікелей байланысты;

– XII-XVIII ғасырлардағы Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттері мен ізбасарларының есімдерімен тікелей байланысты ғасырларға созылған киелі орындар. Бүкіл қазақ жеріне түгелдей жайылған және оларды бір-бірілеп санап шығу мүмкін емес. Қазақ халқының рухани, азаматтық бірлігін, тұтастығын орнықтырған да осы ясауилік жолдың өкілдері болды;

– XVI-XVII ғасырларда қазақ жеріне сырттан енген сопылық ағымдарға қатысты әулиелер бар жерлер.

Бұл киелі жерлерді бұлайша ерекшеленуіміздің басты себебі – олардың дүниетанымдық, рухани және өркениеттік ерекшеліктері қазақ жеріндегі халықтар арасындағы рухани бірліктің әлсіреуіне әкелген күрделі процестердің маңызды қозғаушы күші мен этникалық ерекшеліктері.

Өмірден өткен белгілі тұлғаларды жерлеу мәдениетінен халықтың әулиелер мен мазарларға деген құрметін байқаймыз. Олар әулиелердің айналасына ең қымбатты, құрметті қайраткерлерін жерледі. 1781 жылы Абылай хан дүниеден өткенде ханның мүрдесі қабір терезесінің алдындағы оң жақтағы дәлізге Қожа Ахмет Ясауи қабірінің қасында жерленуінің маңызды себебі халықтың өз халқына көрсеткен ең қымбат құрметі болды (Жандарбек, Муминов, 2022: 47).

Кесенелердің тарихы туралы сөз қозғағанда, олардың ел тарихымен, халықтың тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы әлсіреп, билігінен айырылды. 1816 жылы Қоқан билеушісі Омар ханның әскерилері Қазақ хандығының оңтүстік жартысын басып алды. Олар Орталық Түркістанды алу үшін 70 ақ бас қой сойып, үлкен етіп тойлаған (Жандарбек, Муминов, 2022: 78). Осы кезеңнен кейін Түркістандағы қазақ халқының тарихи ескерткіштеріне қауіп төне бастады. 1896 жылы П.Ахмеров жариялаған Әзірет Сұлтан кесенесіндегі құлпытастардағы жазулардың арасынан Абылай ханнан басқа тарихи тұлғаның есімдерін кездестіре алмаймыз. Алайда, қазақ халқының тарихи, саяси, мәдени, діни қайраткер тұлғаларының барлығы Әзірет Сұлтан кесенесінің маңында жерленгені тарихи шындық. Дегенмен, 1825-1864 жылдары қазақ тарихына қатысты бүкіл шығармалар мен жәдігерлерді жоюға тырысқан Қоқан билеушілерінің саясатын көреміз. Яғни, қоқандық билеушілер қазақ жерін, тіпті бұл жерде қазақ деген атауды жою үшін бар күшін салып әрекет еткенін көреміз. Зерттеуші Е.М. Массон «Хожа Ахмет Ясауи мавлозейінің құрылысы» деген еңбегінде Құдаяр хан тұсында Әзірет Сұлтан мутавалилік қызмет тоқтатылып, оның орнына жаңа қызмет орындары ашылғанын, оларды шейх-әулиелер, шейх-нақыптар, ал ясауилік шейхтары Хожа Ахмет Ясауидің үлкен ағалары болғанын, Садр-Шейхтің немерелерінің де Әзірет Сұлтаннан алыстағанын, Әмір Темірге беру туралы қор шартының алғаш рет бұзылғанын жазады (Массон, 1929: 44-45).

Бұл теріс саясат патша үкіметі мен кеңестік кезеңде де жалғасын тауып, қазақ халқының тарихына, рухани әлеміне қатысты көптеген құнды еңбектер жойылып, Қожа Ахмет Ясауиге тиесілі жүздеген, мыңдаған заттар ұрланып, еш жерде ізі де қалмады. Қабірді жөндеу, күтіп-баптау кезінде қаншама заттар жоғалды. Әзірет Сұлтан кесенесі тек архитектуралық тұрғыдан бағалап, оны тарихи тұрғыдан түкке тұрғысыз деп санайтын саясаттың келтірген зияны тарихи ескерткіштердің жоғалуына себеп болды. 1942 жылға дейін сақталып келген қолжазба қоры із-түзсіз жоғалып кетті. Жұрт арасындағы әңгімеге қарағанда, оны пойызға тиеп, 1943 жылы алып кеткен (Жандарбек, Муминов, 2022: 101).

Бұл Түркістан мен Қожа Ахмет Ясауи салған жолдың қазақ халқының тарихи тағдырындағы рөлі. Сондықтан да халық Түркістанға атақ-даңқ әкеліп, Қожа Ахмет Ясауиді «Әзірет Сұлтан» деп атаған. Түркістан мен Ясауи есімі халықтың сенім бірлігін ұйымдастырушы болды. Халықтың имандылық бірлігі берік болған кезеңде қазақ халқы ешкімге басымдық жасауға жол бермеген. Сондықтан Орталық Азия билеушілері Түркістан үшін қаншама қан төкті. Сырдың шетіндегі қалалар осы жолдың құрбаны болды. Өйткені, Түркістанды билеу түркі халқын билеу дегенді білдіреді. Қысқасы, түркі халқының мызғымас рухының іргетасы осында болды.

Көріп отырғанымыздай, кесенелердің тарихи-мәдени ортасы өте күрделі. Көптеген жерлердің өткен тарихы олардың архитектуралық құрылымы сияқты қарапайым емес. Кесене-мазарлар әртүрлі кезеңдердің, тарихи оқиғалардың куәгерлері. Әрбір оқиға оларға өзіндік із қалдырды. Олардың артында түрлі діндер өз тәртібін өзгертті. Діндер келді, кетті, бірақ киелі орындар әлі бар. Киелі орындардың әсерінен жергілікті халық



жиналып, түрлі мекемелер киелі орындардың айналасына жиналып, ірі ауылдардың пайда болуына инфрақұрылым жасалды. Қоғамдар кесене-мазарларды қалай тұрғызса, кесене-мазарлар да айналасындағы қоғамды қалыптастырады.

Екінші жағынан, кесенелер дәуірлерді байланыстыратын көпірге ұқсайды. Кез келген халық өткенін сағынып, оларды өзінің негізгі құндылықтарының бір бөлігі ретінде көргенде киелі орындарға жүгінеді. Осы себепті кесенелер көп жылдар бойы жұртшылық арасында сақталып келеді. Әр дәуірде оларға мемлекет немесе жеке мекемелер қамқорлық жасады және бұл іс-шаралар бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Сондықтан олардың халық арасында маңызды орын алғандықтан, теріс пиғылды күштер оларға шабуыл жасап, оларды жоюға тырысты. Өйткені әр халық киелі жерлерде өзінің өткенін көре алады, киелі орындар олардың ата-бабаларының кім болғанын, не істегенін үнемі еске салып отырады. Бұл зиярат феноменінің әлеуметтік мәнін айқындайды.

Ал енді, сол киелі орындарға зиярат етудің психологиялық мәніне келер болсақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде біздің назарымызды аударған жағдай, ол ғимараттың ішкі және сыртқы көрінісі. Архитектуралық сәулет кешені өзіндік дизайнымен және архитектуралық көрінісімен келген зияратшыларды таң қалдырады. Әдетте, кесененің айналасы зиярат етушілерге толы болады. Қазақстанның түкпір-түкпірінен зияратшылар келеді. Шетелден келген қонақтарды осында кездестіру қалыпты жағдай. Кесенеге адамдар арнайы жағдайларда жиі келеді. Олардың кейбіреулері зиярат етеді, дұға жасайды, тілек айтады, т.б. Олардың барлығы дерлік қиын жағдайға тап болып, қандай көмек болса да үмітпен келіп, жанына психологиялық-рухани тыныштық табады деуге болады. Сондай-ақ, қазақ халқының зиярат дәстүрінде мынадай сөз бар: «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле», яғни бірінші ұстазы Арыстан бабқа зиярат етіп құрмет көрсету керек, содан шәкіртіне барып зиярат ет делінген. Бұл дәстүр ата-бабамыздан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасын табады.

Зияратшылар көбінесе отбасылық мәселелер, денсаулық мәселелері, бала сүю, үйлену, табысқа жету, білім алу және рухани тазару, түрлі жамандықтан қорғану, шүкіршілік етуге байланысты нешәтүрлі мақсаттармен келіп жатады.

Кесенелерге зиярат етуге қоғам сияқты отбасының ықпалы зор. Зияраттардың жиілігін отбасында зиярат ететін адамдардың болуымен салыстырсақ, отбасында киелі орындарды зиярат етуші адамдары барлардың киелі орындарға жиі келетіні байқалады. Қатысушылардың тілектердің орындалатынына деген сенімдері зерттелгенде, киелі орынға жиі барғандар тілектердің орындалатынына көбірек сенетіні байқалды.

Нәтижесінде бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы кесене мен мазарларға зиярат етуге келетін келушілер туралы мәлімет береді. Зерттеу тақырыбы аясында қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік-демографиялық және діни ерекшеліктері бар тұлғалардың киелі орындарға баратын мән-мағыналары талқыланды.

Қазақстан киелі орындардың жалпы саны 25000 шамасында. Мұның бәрі өркениеттің осы шекараларда өткеннен бүгінге дейін болғанын көрсетеді. Әрбір ескерткіш пен кесене-мазарларда өз дәуірінің белгілері бар. Олар тарих пен өткеннің нақты көрсеткіштері. Сонымен қатар, олар бүгінгі күні де халықтың моральдық тірегі болып келеді. Зерттеу

барысында кесенелердің көпшілігі ескі қалалардың төңірегінде, шежірелік зияраттарда, ертедегі ислам уағыздаушыларының мазарларының айналасында және т.б. салынған.

### **Қорытынды**

Бұл зерттеу жұмысының маңыздылығы мен құндылығы халықтың өткені мен бүгінін үндестіруде. Жалпы, осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулерде кесенелердің тарихы, олар туралы аңыздар немесе олардың құрылысы, т.б. сияқты тақырыптарға тоқталды. Қоғаммен байланыс арқылы жүргізілетін жан-жақты және терең зерттеулер сирек кездеседі. Бұл тұрғыда ғылыми-зерттеу жұмысының белгілі бір дәрежеде маңызы зор. Себебі, халық арасында кесене-мазарлар киелі жерімен, киелі кеңістігімен танымал, онда зияратшылар өмірінің мәнін ұғынуға, жанының тыныштығын табуға, дертіне емдік-шипа іздеуге, жалпы рухани тазару үшін барады. Бұл феномен тек біздің елге ғана тиесілі емес, бүтін әлемде осындай үрдістер орын алуда. Бұны біз діни туризм деп атаймыз. Әлемдік экономика бойынша діни туризм екінші орынды алуда. Осы тұста зиярат феноменінің өзектілігі артуда, жылдан жылға зияратшылардың саны да артуда. Зерттеу жұмысының гипотезалары кесенелерге қатысты өткен зерттеулеріміз бен бақылауларымызға негізделген нәтижесінде оның дұрыс екенін байқауға болады.

Зерттеу жұмысы Қазақстанның жалпы халқын қамтитындықтан, кейбір тақырыптағы мәселелерді алдағы уақытта кеңінен зерттеуге болады. Жалпы, бұл ғылыми зерттеу жұмысы алдағы уақытта осыған ұқсас тақырыптардағы зерттеулерге өз үлесін қоса алады.

### **Авторлардың үлесі:**

**Камалова Ф.Б.** – мақаланың идеясын, тақырыбын байыптап, өрбу бағытын айқындап, редакциясына жауап берді.

**Байтенова Н.Ж.** – мақаланың концептуалдық тұрғыдағы негіздерін айқындап, негізгі бөлімде талдаулар жүргізді.

**Досмагамбетова Д.Д.** – мақаладағы зерттеу материалдары мен әдістемесіне талдау жасады.

**Шалдарбекова А.Б.** – мақала нәтижелері мен қорытындысын байыптап, талдау жұмыстарын жүргізді.

### **Мүдделер қақтығысы**

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

Ali Köse ve Ali Ayten Türbeler. Popüler Dindarlığını Durakları, 1. Basım, Timaş Yayınları, İstanbul 2010. s. 14.

Arslanoğlu İ. Bilimsel Yöntem ve Araştırma Teknikleri. Gazi Kitabevi, Ankara 2016. s. 80.

Aysun Özkan. *Türbe Ziyaretlerinin Psiko-Sosyolojik Boyutu (Eyüp Sultan Türbesi Örneği)*. İstanbul: Marmara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2009. s. 21.

Aziz Doğanay. *Sultan II. Murad'ın Vasiyetnamesinin Mezar Mimarimize Te'siri. Geçmişten Günümüze Mezarlık Kültürü ve İnsan Hayatına Etkileri Sempozyumu*, 1999. s. 102.

Emre Y. *Türbe Ziyaretlerinin Fert Üzerindeki Etkileri (Bilecik Örneği)*. Sakarya Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Sakarya, 2009. s. 13.

Filiz Nurhan Ölmez ve Şirin Gökmen. *İsparta İl Merkez'inde Bulunan Türbeler*. Biliğ, Güz 35, 2005. s. 72.

Osman C. *Türbe-Mezar Ziyaretlerinde Görülen Hurafeler ve Çözümleri. Geçmişten Günümüze Mezarlık Kültürü ve İnsan Hayatına Etkileri Sempozyumu*, Mezarlık Vakfı Yayınları, İstanbul Kasım 1999. s. 344.

Ünver Günay. *Türk Halk Dindarlığının Önemli Çekim Merkezi Olarak Dini Ziyaret Yerleri*. Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 15, Kayseri 2003. s. 9.

Yılmaz E. *Semra Türbe Ziyaretlerinin Sosyolojik Anlamı*. Süleyman Demirel Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Isparta 2012. s. 10.

Байпаков К.М. *Выдающиеся археологические памятники Казахстана*. Алматы: Асыл Сөз, 2014. 504 с.

Байпаков К.М. *Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана*. Алматы: Археологическая экспертиза, 2012. 284 с.

Байпаков К.М., Терновая Г.А. *Религии и культы средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрыктобе)*. Алматы: БАУР, 2005. 236 с.

Жандарбек З., Муминов Ә. *Насапнама. Иасауи жолының тарихы*. Шымкент, 2022. 112 б.

Мамраимов А.М. *Священные места на Великом Шелковом пути*. Алматы, 2009. 288 б.

Массон М.Е. *О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави в г.Туркестане*. Среднеазиатское географическое общество. Ташкент, 1929. Т. 19. С. 44-45.

**Фэриде Камалова<sup>а</sup>, Нагима Байтенова<sup>б</sup>,**

**Джамилия Досмагамбетова<sup>б</sup>, Айша Шалдарбекова<sup>с</sup>**

*<sup>а</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави,  
Туркестан, Казахстан*

*<sup>б</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

*<sup>с</sup>Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова, Шымкент, Казахстан*

### **Психосоциальные аспекты феномена паломничества**

**Аннотация.** Данная статья с позиции философии религии посвящена показу психологической и социальной значимости феномена паломничества, актуального как на мировом уровне, так и в казахстанском обществе. В частности, оно направлено на выявление природы молитв и пожеланий паломников, ритуалов паломничества и уровня религиозных знаний. Цель статьи – через анализ эмпирических данных о традициях и практиках паломничества к святым местам в Казахстане перейти к исследованию взаимовлияния паломников и святых мест с точки зрения психологии и философии религии, определение чувств, мыслей и ожиданий паломников.

Проводится сравнительный анализ и в качестве методологии используются религиозные, феноменологические, психосоциальные методы исследования. Работа важна с научной и практической точки зрения, поскольку полученные результаты позволяют определить философию психосоциального смысла традиции паломничества к святым местам. В качестве основного результата исследовательской работы было определено, что паломники совершают паломничество основываясь на трех принципах: через освящение Кораном оказывается почтение духам своих предков; эзотерическое паломничество, основанное на вере на мистическую силу и мистическую ценность святого места; сакральное паломничество для физического и духовного очищения, принятие святых мест как эрофанического пространства, эротопического места, ощущение святости этого места.

**Ключевые слова:** философия религии; эрофания; мавзолей; гробница; феномен паломничества; сакральное паломничество; эзотерическое паломничество; паломнический туризм; святое место.

**Feride Kamalova<sup>a</sup>, Nagima Baitenova<sup>b</sup>,**

**Jamila Dosmagambetova<sup>b</sup>, Aisha Shaldarbekova<sup>c</sup>**

<sup>a</sup>*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

<sup>b</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>c</sup>*South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan*

### **The psychosocial aspects of the pilgrimage phenomenon**

**Abstract.** This article from the position of philosophy of religion is devoted to showing the psychological and social significance of the phenomenon of pilgrimage, relevant both at the world level and in Kazakhstan society. In particular, it aims to reveal the nature of pilgrims' prayers and wishes, pilgrimage rituals and the level of religious knowledge. The aim of the article is to analyze empirical data on traditions and practices of pilgrimage to holy places in Kazakhstan to go to the study of mutual influence of pilgrims and holy places from the point of view of psychology and philosophy of religion, determination of feelings, thoughts and expectations of pilgrims. Comparative analysis is conducted and religious, phenomenological, psychosocial research methods are used as methodology. The work is important from a scientific and practical point of view, because the results obtained allow us to determine the philosophy of psychosocial meaning of the tradition of pilgrimage to holy places. As the main result of the research work, it was determined that pilgrimage is carried out based on three principles: performing pilgrimage and paying respect to the spirits of ancestors by consecrating the Qur'an; esoteric pilgrimage based on faith in the mystical power and mystical value of the holy place; sacred pilgrimage for physical and spiritual purification, acceptance of holy places as erophanic space, erotopic place, feeling of the holiness of this place.

**Key words:** philosophy of religion; erophany; mausoleum; tomb; pilgrimage phenomenon; sacred pilgrimage; esoteric pilgrimage; pilgrimage tourism; holy place.

#### **References:**

Ali Köse ve Ali Ayten Türbeler. Popüler Dindarlığın Durakları, 1. Basım, Timaş Yayınları, İstanbul 2010. s. 14. [In Turkish]

- Arslanoğlu İ. Bilimsel Yöntem ve Araştırma Teknikleri. Gazi Kitabevi, Ankara 2016. s. 80. [In Turkish]
- Aysun Özkan. Türbe Ziyaretlerinin Psiko-Sosyolojik Boyutu (Eyüp Sultan Türbesi Örneği). İstanbul: Marmara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2009. s. 21. [In Turkish]
- Aziz Doğanay. Sultan II. Murad'ın Vasiyetnamesinin Mezar Mimarimize Te'siri. Geçmişten Günümüze Mezarlık Kültürü ve İnsan Hayatına Etkileri Sempozyumu, 1999. s. 102. [In Turkish]
- Emre Y. Türbe Ziyaretlerinin Fert Üzerindeki Etkileri (Bilecik Örneği). Sakarya Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Sakarya, 2009. s. 13. [In Turkish]
- Filiz Nurhan Ölmez ve Şirin Gökmen. İsparta İl Merkez'inde Bulunan Türbeler. Biliğ, Güz 35, 2005. s. 72. [In Turkish]
- Osman C. Türbe-Mezar Ziyaretlerinde Görülen Hurafeler ve Çözümleri. Geçmişten Günümüze Mezarlık Kültürü ve İnsan Hayatına Etkileri Sempozyumu, Mezarlık Vakfı Yayınları, İstanbul Kasım 1999. s. 344. [In Turkish]
- Ünver Günay. Türk Halk Dindarlığının Önemli Çekim Merkezi Olarak Dini Ziyaret Yerleri. Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 15, Kayseri 2003. s. 9. [In Turkish]
- Yılmaz E. Semra Türbe Ziyaretlerinin Sosyolojik Anlamı. Süleyman Demirel Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Isparta 2012. s. 10. [In Turkish]
- Bajpakov K.M. Vydajushhiesja arheologicheskie pamjatniki Kazahstana. Almaty: Asyl Sez, 2014. 504 s. [In Russian]
- Bajpakov K.M. Islamskaja arheologicheskaja arhitektura i arheologija Kazahstana. Almaty: Arheologicheskaja jekspertiza, 2012. 284 s. [In Russian]
- Bajpakov K.M., Ternovaja G.A. Religii i kul'ty srednevekovogo Kazahstana (po materialam gorodishha Kujryktobe). Almaty: BAUR, 2005. 236 s. [In Russian]
- Zhandarbek Z., Muminov A. Nasapnama. Iasauı zholynyn tarihy. Shymkent, 2022. 112 b. [In Kazakh]
- Mamraimov A.M. Svjashhennye mesta na velikom shelkovom puti. Almaty, 2009. 288 b. [In Russian]
- Masson M.E. O postrojke mavzoleja Hodzha Ahmeda Jassavi v g.Turkeстане. Sredneaziatskogo geograficheskogo obshhestva. Tashkent, 1929. T. 19. S. 44-45. [In Russian].

### Авторлар туралы мәлімет

**Камалова Фэриде Болатқызы** – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Дінтану кафедрасының меңгерушісі, Б.Саттарханов д. 28, 161200, Түркістан, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-9660-0152>, feride.kamalova@ayu.edu.kz.

**Байтенова Нағима Жаулыбайқызы** – филос.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, Әл-Фараби д., 71, 050040, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-7353-0457>, zhanat52@mail.ru.

**Досмагамбетова Джамилия** – ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шет тілдер кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби д., 71, 050040, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-7103-5388>, ddd\_dos@mail.ru.

**Шалдарбекова Айша** – филос.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Философия кафедрасының доценті, Тауке-хан д., 5, 160012, Шымкент, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-1694-8811>, aishashaldar1975@mail.ru.

#### Information about the authors

**Kamalova Feride Bolatkyzy** – PhD, Khoja Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Head of the Department of Religious Studies, B. Sattarkhanov Avenue 28, 161200, Turkestan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-9660-0152>, feride.kamalova@ayu.edu.kz.

**Baitenova Nagima Zhaulybayovna** – Doctor of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Professor of the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0001-7353-0457>, zhanat52@mail.ru.

**Dosmagambetova Jamila** – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Foreign Languages, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-7103-5388>, ddd\_dos@mail.ru.

**Shaldarbekova Aisha** – Candidate of Philosophical Sciences, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Associate professor of the Department of Philosophy, Tauke khan avenue, 5, 160012, Shymkent, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-1694-8811>, aishashaldar1975@mail.ru.

Мақала 24.04.2024 редакциясына түсті; 26.05.2024 рецензиядан кейін мақұлданды; 30.10.2024 жұртшылыққа қабылданды.